

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы халықаралық мектеп» филиалы оқушыларының Академиялық адалдықты сақтау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы халықаралық мектеп» филиалы оқушыларының Академиялық адалдықты сақтау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Жоғарғы Қамқорлық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2020 жылға дейін дамыту стратегиясына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (бұдан әрі – ДББҰ) Жарғысына, негізгі әрекеті білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы халықаралық мектеп» филиалы (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) туралы Ережелерге, Халықаралық Бакалавриаттың Академиялық адалдық ережесіне және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқа да нормативтік актілеріне сәйкес әзірленген және оқыту процесінде Академиялық адалдықтың принциптерін, оқушылар қоғамдастығы мүшелерінің міндеттерін белгілейді (анықтайды), Академиялық адалдықты бұзу түрлері мен Ережені бұзған жайдайда шара қолдану тәртібін анықтайды.

2. Осы ереженің мақсаты - оқушылардың адалдық туралы түсініктерін, ашық, шыншыл, сенімді қарым-қатынастар орнатуда, сол сияқты өмірде адалдықты дамыту сұрақтарындағы жауапкершіліктерін қалыптастыру. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы халықаралық мектеп» филиалында Академиялық адалдық оқыту процесіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады.

3. Ережеде мынадай түсініктер қолданылады:

1) Академиялық адалдық – оқыту процесінде оқушылардың білім алудағы жеке адалдығы мен жауапкершілігін дамытатын тәртіп принциптерінің жиынтығы;

2) Халықаралық Бакалавриат (International Baccalaureate) – халықаралық үкіметтік емес білім беру ұйымы, ЮНЕСКО және Еуропа Кеңесінде кеңес беру мәртебесіне ие;

3) зияткерлік меншік – адаммен жасалған өнім, соның ішінде зияткерлік және шығармашылық көрініс, патенттер, тіркелген дизайндар, сауда белгілері, моральдық және авторлық құқық түрлері.

4) оқушының үлгісі – Халықаралық Бакалавриаттың талаптарына сай келетін әр оқушыға тән он қасиет.

5) бағаланатын жұмыстар:

- оқыту барысында оқушылардың белгілі бір уақыт аралығындағы оқу жетістіктерін анықтау мақсатындағы қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда орындайтын жұмысы мен тапсырмасы ( ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, эссе, дала жұмысы, лабораториялық, тәжірибелік жұмыстар, өздік жұмыс, зерттеу жұмысы, жоба және т.б.)

- бұл жұмыс, оқушының оқудағы белгілі бір кезеңдегі жетістік деңгейін анықтау үшін (тоқсан, семестр, жартыжылдық, жылдық) жиынтық, қорытынды бағалауда орындайтын жұмысы мен тапсырмасы (бақылау, жазба жұмысы, тесттер, сынақ, зерттеу жұмысы, жоба және т.б.);

6) бағаланбайтын жұмыстар – педагогикалық қызметкерлер мен оған теңестірілген тұлғалардың бағалауына жатпайтын оқушылардың оқу, шығармашылық мақсаттағы орындаған жұмысы (мақала, жобалау жұмыстары, тұсаукесерлер, бейне және аудиоматериалдар, қол еңбегінің өнімдері және т.б.).

7) АПА дәйексөз алу стилі (APA style) – Америка Психологтар Қауымдастығымен (American Psychological Association) әзірленген академиялық жұмыстарды рәсімдеу тәртібі.

4. Зияткерлік мектептің әкімшілігі, кураторлары оқушылар мен олардың заңды өкілдерін осы Ережемен мына жағдайларда таныстыруға міндетті:

1) конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қол қою арқылы қабылдау;

2) Зияткерлік мектепке қабылдану туралы өтінішті бергенде қол қою арқылы қабылдау;

3) куратор сағаттары, мектеп және ата-ана жиналыстарында.

5. Осы Ережені мектеп қауымдастығының барлық мүшелері – әкімшілік, педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, олардың заңды өкілдері және Зияткерлік мектептердің басқа да қызметкерлері орындауға міндетті.

6. Осы Ереже жалпылай танысу үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласындағы халықаралық мектеп» филиалының көрнекті жерлерінде ілінеді, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының интернет-ресурстары мен Зияткерлік мектептердің сайтында жарияланады.

## **2. Академиялық адалдықтың принциптері**

7. Оқушылардың өз оқуына жауапкершілігін және жеке адалдығын дамытатын оқу үдерісіндегі негізгі академиялық адалдық принциптері төмендегідей:

- 1) адал ниеттілік – оқушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды әділ, дұрыс орындауы;
- 2) автордың және оның құқық мирасқоларының құқықтарын қорғау жүзеге асырылуы – авторлықты мойындау және зияткерлік меншікті қорғау.
- 3) ашықтық – өзара сенімділік, оқушылар мен педагогикалық қызметкерлер мен оған теңестірілген тұлғалардың арасындағы идеялар мен ақпарат алмасудың мөлдірлігі;
- 4) оқушылардың бостандығы мен құқықтарын қорғау – оқушылардың пікірі мен идеяларын еркін білдіру құқығы;
- 5) теңдік – әрбір оқушы осы Ережені сақтауға міндетті болуы және бұзғаны үшін тең жауапкершілігі.

8. Оқушының үлгісіне сәйкес оқушылар принципті болуға тиіс. Халықаралық Бакалавриат Академиялық Адалдық Ережесі мәтінінің аясында принципті болу әділдік пен адалдық жоғары дәрежеде сезінілуін білдіреді. Ол оқушылардың өзгелерге жәрдемдесу қабілеті мен ептілігін білдіретін олардың академиялық жұмыстарында көрініс табуы керек. Оқушы үлгісінің сипаттамасына ерекше мән беріле отырып, тұрақты түрде және табандылықпен профилактикалық оқыту және үйрету арқылы Оқушылар Академиялық адалдық ережесін бұзу жасауына дейін өз жұмыстарын және қылықтарын жөндей алуы үшін ондай бұзушылықтар бастапқы кезеңде анықталып, мейілінше азайтылатын болады.

9. Оқушылардың ынтымақтасу мен сыбайласу арасындағы айырмашылықты білуі маңызды болып табылады. «Көшіруге және басқа оқушының жұмысы өзінікі ретінде берілуіне мүмкіндік жасалауына» әкеп соқпайтын ашық және қауымдасқан іс-әрекет болып табылатын ортақ ақпаратпен ортақ мақсатта бірігіп жасалған жұмысты ынтымақтасу деп атауға болады. Көптеген жағдайларда оқушылардың білескен жұмысы (мысалы, зертханалық жұмыс, деректерді, идеяларды, стратегияларды бөлісу) көтермеленеді. Алайда, егер мұғаліммен басқаша айтылған болмаса, оқушының ақырғы бағасы жеке өзінікі ғана болуға тиіс, және екі не одан көп оқушының тапсырмаларында бірдей мәтін болмауы керек.

## **3. Мектеп қоғамдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

10. Оқушылар:

- 1) осы Ереженің мазмұнымен танысуға;
- 2) оқыту үдерісінде өз пікірін еркін білдіруге;
- 3) осы ережені бұзу туралы деректі теріске шығаруда барлық қажетті дәлелдер мен айғақтарды келтіруге құқылы.

#### 11. Оқушылар:

- 1) осы Ереженің мазмұнымен танысуға және Ережені бұзғаны үшін тартылатын жауапкершіліктерді білуге;
- 2) бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды орындауда академиялық адалдықты мүлтіксіз ұстануға;
- 3) ол пайдаланған, бірақ оған тиесілі емес идеяларға, мәтіндерге, суреттерге және басқа да материалдарға сілтеме жасау үшін АПА стилін (APA style) пайдалануға;
- 4) бағаланатын жұмыстың соңында қолданылған әдебиет тізімін көрсетуге;
- 5) сенімді және анық ақпарат көздерін пайдалануға;
- 6) өзінің орындаған бағаланатын жұмысын басқа оқушыларға бермеуге міндетті.

#### 12. Ата-аналар не басқа заңды өкілдер:

- 1) осы Ереженің мазмұнымен танысуға және Ережені бұзғаны үшін тартылатын жауапкершіліктерді білуге;
- 2) өз балаларының осы Ережені сақтауына ықпал етуге және академиялық адалдықты сақтаудың маңыздылығы туралы үнемі әңгімелесуге міндетті.

#### 13. Педагог қызметкерлер мен оған теңелгендер:

- 1) ата-аналар арасында ақпараттық жұмыс жүргізуге;
- 2) оқушыларды нақты және анық ақпарат көздерін таңдауға үйретуге, қолдау көрсетуге;
- 3) АПА стиліне (APA style) сәйкес сілтемені, нұсқаманы және библиографияны рәсімдеуді үйретуге;
- 4) орындалатын жұмыстың барлық авторын көрсетіп, жобалық жұмыстарын қағазда, электрондық нұсқада, сандық құралдарда дайындау тәсілдерін үйретуге;
- 5) оқушыларды оқыту үрдісінде өз пікірін білдіруге үйретуге;
- 6) бағаланатын жұмыстың алдында оқушылармен академиялық адалдықты ұстану туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- 7) осы Ережемен белгіленген талаптарды бұзудың кез келген мүмкіндіктеріне тосқауыл қоюға;
- 8) осы Ережені бұзудың әрбір жағдайына қатаң есеп жүргізуге;
- 9) мектеп әкімшілігі мен ата-аналарға немесе басқа да заңды өкілдеріне Ережені бұзудың әрбір жағдайы туралы жазбаша ақпарат беруге міндетті.

#### 14. Мектеп әкімшілігі:

- 1) оқушыларға, ата-аналар мен заңды өкілдерге осы Ережені түсіндіру бойынша педагог қызметкерлер мен оған теңелгендердің жұмысын қамтамасыз етуге;
- 2) оқушылар негізгі ережелерде қарастырылған ережені бұзғанда шара қолдану бойынша жұмысты үйлестіруге;
- 3) оқушылардың академиялық адалдықты орындауын бақылау және мониторинг жүргізуге міндеттенеді.

## 4. Ресурстарға сілтеме жасау

15. Академиялық лайықсыз қылық жасалауын болдырмау үшін сілтеме жасау үлгісін (мысалы, АПА стилін (APA style)) ұстану қажет. Одан басқа көпшілік мойындаған сілтеме жасау форматын пайдалануға жол беріледі. Әр оқу жылының басында әдебиеттерді пайдалану бойынша сілтеме жасау үшін барлық мұғалімдер мен оқушыларға кітапханашы нұсқаулық көшірмесін береді. Орындалған жұмыста сілтемелерді қолдану мақсаты пайдаланылған идеяларды табу үшін оқырманға жұмысты түпнұсқада қарауына мүмкіндік береді. Оқушылар толық сілтемелерді арнайы бөлімде, яғни, кез келген жұмыстың соңында көрсетіп отыруға міндетті, сондай-ақ жұмыстың негізгі бөлімінде пайдаланылған әдебиеттерді анық дәйектеп отыруға да міндетті.

### **Ықтималды сілтеме жасау стилін (АПА форматы) пайдаланудың үлгісі** **Сілтеме мен кітапнама. Дерекнама бойынша дәйексөз алу**

#### 1. Кітаптар:

Автор, шыққан жылы, Атауы, Баспа, Орын, басылым нөмірі

Мысалы:

Rowling, J.K. (2001) *Harry Potter*. London: BloomsburgChildren's, 546 б.

#### 2. Газеттер мен журналдар

Автор, шыққан жылы, Атауы, Баспа, басылымға сілтеме

Мысалы:

Owman, L. (1990, March 7). Bills target Lake Erie mussels. *The Pittsburgh Press*, p. A4.

#### 3. Вебсайттар

Құжаттың атауы, соңғы толықтыру немесе көшірілген күні, төлем жүргізілген электронды адрестен қайта құрылған веб-сайттың атауы

Мысалы:

Neurology.(n.d.).In *Wikipedia*. Retrieved August 8, 2007, from <http://en.wikipedia.org/wiki/Neurology>

#### 4. Жеке сұхбат

Сұхбат болуы мүмкін мәліметтерді қарастырмайды, сондықтан сілтемелер тізімінде ешқандай сілтемелер көрсетілмейді. Алайда сіз мәтінде оны диалог ретінде алып сұхбаттан үзінді келтіре аласыз.

Мысалы:

- (J. Smith, personal communication, August 15, 2009)
- J. Smith (personal communication, August 15, 2009)

#### 5. Электрондық сурет

Автор (автордың рөлі). (шыққан жылы). Жұмыстың атауы [жұмыстың түрі], қалпына келтірілген айы, жылы: URL (веб-сайттың мекен-жайы)

Мысалы:

Kulbis, M. (Photographer). (2006). Men pray [Photograph], Retrieved April 12, 2006, from:

<http://accuweather.ap.org/cgi-bin/aplaunch.pl>

Электрондық сурет (авторы, күні мен атауы көрсетілуісіз)

[жұмыстың мәні мен түрі]. қалпына келтірілген айы, жылы: URL (веб-сайттың мекен-жайы)

Мысалы:

[Untitled photograph of a baby chimpanzee]. Retrieved April 12, 2006, from:

<http://perso.wanadoo.fr/jdtr/struc/chimp3.htm>

6. Бейне

Кино (фильм)

Продюсердің фамилиясы, аты-жөнінің бірінші әріптері (продюсердің), Картина директорының фамилиясы, аты-жөнінің бірінші әріптері (директордың) (жылы). Бейне атауы [фильм]. Мемлекеті: киностудия атауы.

Мысалы:

Bregman, M. & Elfund, M. (Producers), & Lumet, S. (Director). (2006). Dogdayafternoon

[Motion picture]. United States: Warner Home Video.

Деректі бейне

Продюсердің фамилиясы, аты-жөнінің бірінші әріптері (продюсердің) (жылы). Бейне атауы [DVD/VHS]. Бейне роликті жариялаған автордың ашық электронды мекен-жайы

Мысалы:

Harrison-Hansley, M. & Sussman, A. (Producers). (2005). Living with ADHD [DVD]. Available

from <http://www.films.com>

**Дәйексөз алу:**

Қысқа дәйексөз:

Егер дәйексөз 40 сөзден аз болса, онда ол мәтінде тырнақшамен көрсетілуі керек [“ “].

Ұзақ дәйексөз:

40 сөзден асатын дәйексөздер жалпы мәтін көлемінде бөлініп көрсетіледі.

Өзгертіп айту және жалпылау:

Басқа дереккөздерін өзгертіп айту және жалпылау кезінде дереккөзін ұсыну керек. Өзгертіп айтылған және жалпыланған дәйектемелердің дереккөздерінің бетін, қай жерден алу мүмкін екенін көрсету керек.

*АПА форматы (APA style) Сілтемелерде (Кітапнама) көрсетілген барлық ресурстардың мәтінде көрсетілгенін (автордың аты, жыл),мәтіндегі барлық дәйексөздердің Сілтемелерде (Кітапнама) көрсетілгенін талап етеді.*

*Сондай-ақ, мәтінде сілтемелер (дәйексөздер мен өз сөзімен берілген дәйексөздер эсседе қай ретпен көрсетілсе, сол ретпен көрсетілуін) жұмыс соңында Таңдалған Кітапнамаларды Бекіту деп аталынатын бөлімде болуы керек, сонымен қатар барлық ресурстар (сол ресурстар) Сілтеме немесе Кітапнама санатында ұсынылады.*

## **5. Бұзушылық түрлері**

16. Аталған ережелермен академиялық адалдықты бұзудың келесі түрлері қарастырылады:

1) плагиат:

- басқа ақпарат көздерінен алынған ақпаратты авторлық құптаусыз немесе дереккөздерді көрсетпей бөліктерін немесе толық иемдену;

2) сыбайласу:

- кез келген бағаланатын жұмысты өзге оқушы үшін орындау;

3) алдау:

- бағаланатын жұмысты басқа оқушылардан көшіріп алу;

- бағаланып кеткен жұмысты қайталап көрсету, өткізу;

- бағаланатын жұмысты орындамаған, мезгілінде орындамаған жағдайда жалған ақталу;

- топтық жұмыс қарастырылмаған бағаланатын жұмысты екі немесе одан да көп оқушылардың орындауы;

- басқа оқушыларға саналы түрде көмек көрсету; өзінің бағаланатын жұмысынан оған көшіріп алуға мүмкіндік беру;

- басқалардың бағаланатын жұмысын өзінікі ретінде көрсету;

4) бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау:

- бағаларды , тапсырма жауаптарын бағалау нәтижелерін боямалау;

- өлшеу және сауалнаманы бақылау нәтижелері, зерттеу кезіндегі сауалнама мен басқа әдістердегі мәліметтерді боямалау;

- басқа оқушының бағаланатын жұмысын әдейі бұлдіру немесе боямалау;

5) бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу:

- жиынтық бағалау жұмыстарын орындау кезінде жауаптарды беру;

- бағалау жұмыстары өткізілгенге дейін оқушы, мұғалім, немесе мұғалімге теңестірілген тұлғаның көмегі арқылы жауаптарды алу;

- бағаланатын жұмыстарды жеке жұмысы ретінде көрсету үшін сатып алу және өзге жолдармен қол жеткізу;

- бағаланатын жұмыстарды дайын күйінде сату немесе сатуға/сатып алуға көмектесу;

б) ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану:

- бекітілген нормативті акті негізінде тыйым салынған ақпаратты қағаз, электронды, цифрлы, техникалық құрылғыларды бағалау жұмыстарын орындау кезінде пайдалану;

- бағаланатын жұмысқа қатысты кез келген жауаптарды электронды пошта, компьютер және т.б. жолмен көшіру;

- педагог қызметкердің бағаланатын жұмыстарға қатысты ақпаратты компьютерден көшіру, қағаз не электронды тасымалдаушы құралдар көмегімен кабинеттен шығару.

7) қайта ұсыну – бағалаудың әртүрлі компоненттері үшін немесе Халықаралық Бакалавриат ДБ бағдарламасы өзегінің талаптарын орындау үшін бір жұмысты ұсыну.

8) Халықаралық Бакалавриат емтихандары кезінде академиялық лайықсыз қылық жасау (мысалы, емтихан барысында авторланбаған материалдарды пайдалану, емтихан жүргізілуіне кедергі жасайтын немесе басқа оқушыларды алаңдататын іс-әрекеттер, немесе басқа оқушылармен әгімелесу).

9) оқушыға әділетсіз артықшылық беретін немесе кез келген басқа оқушының нәтижелеріне ықпал ететін кез келген өзге де іс-әрекет (мысалы, емтихан тапсырылғаннан кейінгі 24 сағаттың ішінде кез келген байланыс/медиа түрлері арқылы емтихан материалдарының мазмұны туралы ақпаратты ашу немесе басқа кандидаттардан алу).

17. Осы академиялық адалдыққа қатысты тәртіп бұзушылықтың тізімі осымен шектелмейді, қажеттілікке қарай толықтырылып отырады. Оқушыға әділетсіз артықшылық беретін немесе басқа оқушының нәтижелеріне ықпал ететін кез келген іс-әрекет бұзушылық түрлеріне жатады.

## **6. Ережені бұзған жайдайда шара қолдану тәртібі**

18. Академиялық адалдыққа қатысты тәртіп бұзушылықтардың анықталуы:

1) Қалыптастырушы, ағымдық бағалау жұмыстарын өткізу кезінде;

2) Суммативті, қорытынды бағалауды өткізу кезінде.

19. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда плагиат пен сыбайласу анықталса:

1) пән мұғалімі осы ережеде бекітілген форма негізінде ереже бұзғандығы туралы №2 қосымшаға сәйкес акт құрап, оқушылармен кездесу өткізеді. Ереженің бұзылғандығы туралы акті мен сәйкесінше дәлелдемелердің көшірмелері, оқушылардың жұмыстары кураторға тапсырылады (2-қосымша);

2) ереже бұзушылық қайталанған жағдайда пән мұғалімі бекітілген форма негізінде ереже бұзғандығы туралы акт құрап, оқушылардың ата – анасы не заңды өкілдерінің қатыстырылуымен кездесу өткізеді. Тәртіптің бұзылғандығы туралы акт пен тәртіптің бұзылғандығы туралы заттай айғақтарды кураторға өткізеді;

3) жүйелі түрде (үш рет не одан да көп), пән мұғалімі бекітілген форма негізінде ереже бұзғандығы туралы акт құрайды. Ережені бұзғандығы туралы акті мен заттай айғақтар мен оқушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор өз тарапынан оқушының ата – анасы мен оның басқа да заңды өкілін тәртіп бұзғандығы туралы жазбаша түрде хабардар етіп, барлық құжаттарды Тәртіп комитетіне өткізеді.

Әрбір плагиат жағдайында оқушыға орындауға жеткілікті уақыт болғанына орай жұмысты қайта орындауға мүмкіндік беріледі. Бұл жағдайда барлық жұмыс қайта жасалуы керек. Басқа жағдайларда жұмыс жарамсыз деп табылады.

20. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда алдау анықталса:

1) пән мұғалімі бекітілген форма негізінде ережені бұзғандығы туралы акт құрайды, оқушының ата-анасының немесе оның басқа заңды өкілінің қатысуымен әңгімелесу өткізеді. Ереженің бұзылғандығы туралы акті мен сәйкесінше айғақтардың көшірмелері және оқушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады;

2) жүйелі түрде (екі не одан көп), бекітілген форма негізінде ережесін бұзғандығы туралы акт құрайды. Ережесін бұзғандығы туралы акті мен заттай айғақтар мен оқушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор оқушының ата-анасын немесе оның басқа да заңды өкілін жазбаша түрде ережені бұзғаны туралы ескертеді. Куратор бар құжаттарды Тәртіп комиссиясына береді.

Алдау орын алған әр жағдайда оқушы жұмысы жұмыстың, тесті мен тапсырманың қайта тапсыру құқығынсыз жарамсыз деп танылады.

21. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі қалыптастырушы, ағымдағы бағалауда бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу, ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталса:

1) пән мұғалімі академиялық адалдық ережесінің бұзылғандығы туралы акт құрайды, оқушының ата-анасының немесе оның басқа да заңды өкілінің қатысуымен әңгімелесу жүргізеді. Ереже бұзғандығы туралы акті мен заттай айғақтар мен оқушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор оқушының ата-анасын немесе басқа да заңды өкілін жазбаша түрде ережені бұзғаны туралы ескертеді. Куратор бар құжаттарды Тәртіп комиссиясына береді.

Бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу, ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану орын алған әр жағдайда оқушы жұмысы

жұмыстың, тесті мен тапсырманың қайта тапсыру құқығынсыз жарамсыз деп танылады.

22. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі жиынтық, қорытынды бағалауда плагиат, сыбайласу, алдау, бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу, ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталса:

1) пән мұғалімі, емтиханда қатысатын өкілі бекітілген форма негізінде ережесін бұзғандығы туралы акт құрайды. Ереженің бұзылғандығы туралы акті мен сәйкесінше дәлелдемелердің көшірмелері және оқушы жұмысының көшірмесі кураторға тапсырылады. Куратор оқушы ата-анасын немесе басқа да заңды өкілін жазбаша түрде ережені бұзғаны туралы ескертеді. Куратор бар құжаттарды Тәртіп комиссиясына тапсырады.

Оқушылардың оқу жетістігін бағалау кезіндегі жиынтық, қорытынды бағалауда плагиат, сыбайласу, алдау, бағаларды, мәліметтерді, бағаланатын жұмыстарды бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу, ақпарат пен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталған әр жағдайда оқушы жұмысы қайта тапсыру құқығынсыз жарамсыз деп танылады.

23. Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық Бағдарлама мен негізгі мектеп Бағдарламасы қорытынды бағалауы жағдайында:

1) плагиат болса: егер Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық Бағдарлама немесе негізі мектеп бағдарламасының бір бөлігі ретінде ұсынылатын тапсырмада оқушы өз жұмысын түпнұсқа ретінде ұсынса, жөндеуге рұқсат берілмейді. Үміткер осы бөлік үшін баға алуға құқығынан айырылады және Халықаралық Бакалавриаттың ережесі мен тәртібіне сай Халықаралық Бакалавриат ұпайы қойылмайды.

2) мектеп, емтихан алушы немесе Халықаралық Бакалавриат ұйымы академиялық адалдық бұзылғаны туралы дәлелдер тапса, мектепке оқушыға Ереже бұзғандығы үшін шара қолдану және Халықаралық Бакалавриатқа қажет есептер мен басқа да іске қатысы бар құжаттарды жіберу талап етіледі. Оқушының сонымен қатар жазбаша түсініктеме жіберуін сұрайды. Халықаралық Бакалавриаттың қорытынды баға беру комитеті (немесе осы комитеттің кіші комитеті) оқушыға аталған пән бойынша баға қоймауға және қосымша оқушының келешектегі емтихан сессияларына тіркеуге тыйым салу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

3) егер Халықаралық Бакалавриаттың негізгі мектеп бағдарламасына енетін Диплом немесе сертификатына енетін пән бойынша баға қойылмаса, онда оқушыға Халықаралық Бакалавриаттың негізгі мектеп бағдарламасының Дипломы немесе сертификаты берілмейді.

4) егер, материалдық дәлелдер табылса, Халықаралық Бакалавриат ұйымы оқушының нәтижесі жарияланғаннан кейінтексеру жүргізуге құқылы. Егер қорытынды бағаларды беру Комитеті немесе кіші комитеті академиялық адалдық бұзылғандығы туралы дәлел анықталса, үміткердің

аталған пән бойынша бағасы қайтарылады. Ұпайдың қайтарылуы Халықаралық Бакалавриат Дипломының қайтарылуына әкеледі.

24. Егер Халықаралық Бакалавриат ұйымының оқушылардың бағаланбайтын жұмыстарын орындауы кезінде плагиат, алдау, мәліметтерді бұрмалау жағдайлары анықталса, пән мұғалімі, куратор немесе ата-ана оқушымен әңгіме жүргізеді.

25. Осы Ереженің 16 пунктіне бойынша оқушылар тарапынан бұзушылықтар болған жағдайда, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқармасымен бекітілген ішкі тәртіп ережесіне сәйкес оқушыларға қарсы тәртіптік жаза шаралары қолданылады;

26. Тәртіптік комиссияның қызметін ұйымдастыру Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқармасымен бекітілген ішкі тәртіп ережесімен реттеледі.

---

## **Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылардың академиялық адалдықты сақтау ережелеріне 1-қосымша**

### **21- бап. Халықаралық Бакалавриаттың Негізгі Ережелері: Дипломдық бағдарлама (ХБ 2014)**

21-бап. Академиялық адалдық бұзылған жағдайды зерттеу.

21.1. Оқушының жұмысының көшірілгеніне күмән келтірілген жағдайда оны бағалауға ұсынудан бұрын мектепте зерттеу жұмысын жүргізу керек. Академиялық адалдықтың бұзылу мүмкіндігі дәлелденген жағдайда (мысалы, плагиат, келісім ) жұмысты Халықаралық Бакалавриат ұйымына бағалауға жібергеннен кейін ДБ координаторы Халықаралық Бакалавриат ұйымына шұғыл ақпарат жіберуі керек. Егер, мектепте бағаланатын жұмыстар туралы сөз болса, онда мұғалімнің Халықаралық Бакалавриат ұйымына бағаларды жіберетін уақытына қатысты қайта тапсырады. Егер, сөз мектептен тыс бағаланатын жұмыстар туралы болса, жазба жұмыстарының жазу қағаздарынан басқа

«қайта тапсыру» кандидаттың өз жұмысының көшірілмегендігі туралы декларацияға қол қоюына қатысты болады.

21.2. Академиялық адалдық мектеп, емтихан алушы немесе Халықаралық Бакалавриат ұйымы тарапынан бұзылғаны анықталған жағдайда мектеп

міндетті түрде зерттеу жүргізеді және Халықаралық Бакалавриат ұйымына іске қатысы бар қажет құжаттармен бірге есеп береді.

21.3. Егер Халықаралық Бакалавриат ұйымы мектепті оқушының академиялық адалдықтыбұзғандығы туралы күдігі мен зерттеу жүргізгісі келетіндігі туралы хабардар етсе, мектеп директорының күдікті оқушыны академиялық адалдық бұзылған деген күмәнді оқушыны сессиядан немесе пәннен шығарып тастауға құқы бар. Алайда, Халықаралық Бакалавриат ұйымы академиялық адалдықтың бұзылғандығын зерттеуді жалғастыруға және ережені бұзушылықтың орын алған-алмағандығы туралы шешім қабылдауға өқы бар. Оқушының пәннен аластатылғанынан басқа бұл пәннен бағасы қойылмайды және болашақтағы емтихан сессияларына неуі мүмкін емес.

21.4. Академиялық адалдықты бұзу бойынша күдікті оқушының ДБ координаторына түсініктеме жазуға мүмкіндік беріледі. Академиялық адалдықты бұзуды зерттеу мен шешім қабылдау оқушының түсініктеме жазудан бас тартуына байланысты емес.

21.5. Академиялық адалдықты бұзылғанын а күмән туған жағдайлардың басым бөлігі Халықаалық Бакалавриат ұйымының қорытынды бағаларды беру қорытындысында Комитеттің кіші комитетіне беріледі. Бұл кіші комитет Халықаралық Бакалавриат ұйымының қызметкерлерінің, мектеп өкілдері, негізгі емтихан алушылардан тұрады, алайда осы мүшелері бар кез келген топ тәртіп бұзушылық туралы шешім қабылдай алады және оны Халықаралық Бакалавриат ұйымының қорытынды баға беру Комитетіне бекітуге жібере алады. Аталған кіші комитеттің жетекшісі ретінде Халықаралық Бакалавриат ұйымының қорытынды баға беру Комитеті басқарушысы, оның орынбасары немесе басқарушының орынбасары болып тағайындалған негізгі емтихан қабылдаушы тағайындалады,

21.6. Кіші комитет Халықаралық Бакалавриат ұйымының қорытынды баға беру Комитеті атынан немесе жетекшілігімен шешім қабылдайды. Зерттеу кезінде жиналған барлық арыздар мен дәлелдерді тексергеннен кейін кіші комитет тексерілген бұзушылықты жоққа шығару немесе құптау туралы шешім қабылдайды немесе істі ары қарай тексеруді жалғастырады. Егер, кіші комитет шешім шығара алмаса, іс Халықаралық Бакалавриат ұйымының қорытынды баға беру Комитетіне беріледі.

21.7. Академиялық адалдықтың бұзылғанын кіші комитеттің дәлелдесе, оқушыға сол бұзушылық орын алған пән бойынша жаза қолданылады. Жазаның ауырлығы кіші комитеттің шешімімен академиялық әрекетінің дәрежесіне сйкес ұсынылады. Егер Халықаралық Бакалавриат ұйымының қорытынды баға беру Комитеті қарастырған академиялық адалдық саясатын бұзушылық маңызды бұзушылыққа жататын болса, комитет оқушыны пән бойынша бағаламау туралы, сондай-ақ оны келешектегі емтихан сессиясына тіркемеу туралышешім қабылдай алады.

21.8. Егер оқушы белгілі бір пән бойынша баға алмаса, Халықаралық Бакалавриаттың дипломы берілмейді. Академиялық адалдық бұзылмаған басқа пәндер бойынша ДБ қорытындысы оқушыларға таныстырылады.

Академиялық адалдықты бұзудың маңыздылығы мен қайталануынан басқа жағдайда оқушыға тіркеу уақыты дәл келгеніне қарай 6 айдан кейін болатын емтихандарды қоса есептегендегі келесі емтихан сессиясына тіркелуіне рұқсат етіледі. Егер оқушы үшінші емтихан сессиясында академиялық адалдық Ережесін бұзса, ол келесі емтихан сессиясына жіберілмейді.

21.9. Егер оқушы алдыңғы емтихандарда академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылса, онда келесі болатын емтихандардан шығарып тастайды.

21.10. Халықаралық Бакалавриат ұйымының материалдық дәлелдер болған жағдайда академиялық адалдықтың бұзылғандығын зерттеуді оқушыға диплом берілгеннен кейін де жүргізуге құқығы бар. Егер, академиялық адалдықты бұзушылықты комитет немес кіші комитет дәлелдесе, пән бойынша қойылған баға кері қайтарылады. Пән бойынша баға туралы пікір Халықаралық Бакалавриат дипломы туралы пікірге әкеледі.

**Назарбаев Зияткерлік мектебі  
оқушыларының академиялық  
адалдықты сақтау туралы  
ережесіне 2-қосымша**

### **АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АКТ**

Мұғалімнің ТӘЖ:	Пәні:
телефон:	Ғылыми қызметінің түрі:
E-mail:	Оқушының аты: _____
	Оқитын сыныбы: _____
Бұзылған тәртіптің сипаттамасы (мерзімі, уақыты, орны және т.б.) <i>(қажет деп тапқан жағдайда қосымша бет тіркеледі):</i>	
Пән мұғалімі, емтихан өкілінің қолы және мерзімі: астын сызу керек	
Оқушының қолы мен мерзімі:	

*Актімен таныстым:*

Ата-анасының немесе басқа да заңды өкілінің қолы